# ЖЕР – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ



Торей Малуф

# Consultant

**Catherine Hollinger, CID, CLIA**
EPA WaterSense Partner
Environmental Consultant

**Image Credits:** p.27 (bottom) Ambient Images Inc./Alamy; p.5 (top) Frances Roberts/Alamy; pp.14–15 (background) James Osmond/Alamy; p.11 (bottom left) Premium Stock Photography GmbH/Alamy; p.11 (top) Stephen Dorey ABIPP/Alamy; p.17 (illustration) Tim Bradley; pp.5 (bottom), 7 (top), 8–9 (background), 10 (top left), 11 (background), 16–17 (background), 18–19, 21 (bottom right), 22–23 (background), 24–25 (background), 26–27 (background), 30 iStock; p.12 (left) AFP/Getty Images/Newscom; pp.12–13 (background) NHPA/Photoshot/Newscom; pp.2–3, 31 Ton Koene/VWPics/Newscom; pp.6–7 Rob Blakers; p.25 (top) Jason Lin/Project TGIF; p.32 Ken Lax/Science Source; p.10 (bottom left) Martin Harvey/Science Source; p.10 (right) Nigel J. Dennis/Science Source; pp.28–29 (illustrations) J.J. Rudisill; all other images from Shutterstock.

**Library of Congress Cataloging-in-Publication Data**

Maloof, Torrey, author.
People and the planet / Torrey Maloof.
pages cm
Summary: "We live on planet Earth. It gives us the things we need to survive. When it changes, it affects us all. But humans also affect Earth, and it's changing the planet we call home. It's important that we take care of our planet so it can continue to take care of us."-- Provided by publisher.
Audience: K to grade 3.
Includes index.
1. Human ecology--Juvenile literature.
2. Nature—Effect of human beings on—Juvenile literature.
3. Environmental protection—Juvenile literature. I. Title.
GF48.M35 2015
304.2'8—dc23
2014034281

Кітапты баспаның рұқсатынсыз кез келген форматта көбейтіп таратуға болмайды.Барлық құқығы қорғалған.

Басуға 17.10.2022 қол қойылды.
Пішімі 70х100/16. Офсеттік баспа. Қаріп түрі: Mulish.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №09/22

Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз:
Қазақстан. Алматы. Райымбек к-сі, 348а
«Астана-кітап» ЖШС
тел.: 8(727) 313-12-97
email: astanakitap2050@gmail.com

«PRIZMA PRESS» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы. Райымбек к-сі, 348

**Teacher Created Materials**
5301 Oceanus Drive
Huntington Beach, CA 92649-1030
http://www.tcmpub.com
© 2015 Teacher Created Materials, Inc.



# Мазмұны


Өзгеріп жатқан ғаламшарымыз . . . . . 4

Ормансыздану . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 6

Шөлейттену . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 10

Ластану . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 14

Терраса салу . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 20

Ғаламшарымызды сақтап қалу . . . . 24

Ғалым сияқты ойлан . . . . . . . . . . . . . 28

Сөздік . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 30

Индекс . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 31

Сенің кезегің! . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 32

# Өзгеріп жатқан ғаламшарымыз

Үйіңе келгенде, үйде тұратын адамдардың күн сайын өзгеріп жатқанын елестетіп көрші. Егер олар үйде қоқыс шашса не істер едің? Ас үйдегі барлық тамақты жеп қойса ше? Жиһаз жасау үшін қабырғадағы тақтайларды жұла бастаса ше? Үйді жылыту үшін оны өртеп жіберсе ше? Әлемдегі миллиардтаған адам осылай өмір сүріп жатса не істер едің?

Біздің өмір сүру салтымыз ортақ үйіміз – Жерге әсер етеді. Уақыт өте келе біздің жерде өмір сүруіміз оны танымастай өзгертті. Біз күн сайын оның табиғи байлықтарын пайдаланамыз. Ғаламшардың суын азық өсіру үшін қолданамыз. Оның мұнайын жанармай жасау үшін қолданамыз. Жер бетінің ландшафтын өзгертеміз. Егін егіп, үй салу үшін ормандарды кесеміз. Жер атмосферасын автомобильдер мен фабрикалар шығаратын зиянды заттармен ластаймыз.

Ғалымдар бұл өзгерістердің ауыр зардаптары бар екенін айтып, дабыл қағуда. Адамдар жер бетінде ежелден бері өмір сүрген. Бірақ біз іс-әрекетіміздің ғаламшарымызға кері әсерін енді ғана көре бастадық. Біз оның ресурстарын мұқият пайдаланып, Жер ғаламшарын қорғап қалудың амалын жасауымыз керек.





## Жер шарын қорғау

Жерді, өсімдік пен жануарларды қорғау үшін жұмыс істейтіндерді табиғат қорғаушылары деп атайды. Олар табиғи ресурстарды сақтап қалудың түрлі жолдарын қарастырады.

Жер - біздің жалғыз үйіміз. Оны қорғау үшін жұдырықтай жұмылуымыз қажет.

# Ормансыздану

Жер шарының танымастай өзгеруіне себеп болған – ормандардың жойылуы.  Бұл **ормансыздану** үдерісі деп аталады. Адамдар ағаштарды алуан мақсатта қолданады, сондықтан ағашты көп кеседі. Орман – табиғи байлық. Адамдар ағашты қағаз жасау және үй салу үшін кесіп алады. Ағашты үйлерді жылытуға немесе тамақ пісіруге де қолдануға болады. Ағаш пен қағазға деген сұраныс жоғары. Күн сайын оталып жатқан ормандардың саны артуда.

Кейбір адам егін егу үшін үлкен алқаптарды орманнан тазартады. Бірақ бірнеше жылдан кейін топырақ қоректік заттарын жоғалтуы мүмкін. Ағашы жоқ жер құнарын жоғалтады. Сосын ол жерде дәнді дақылдардың өсуі қиынға соғады.





## Жойылып бара жатқан ормандар

Ормансыздану барлық тропиктік орманда байқалады. Бразилия, Малайзия мен Непал ормансызданудан үлкен зардап шеккен мемлекеттер болып саналады.

Алғашында мен ағаштардың кесілмеуі үшін күресіп жатырмын деп ойладым. Одан кейін Амазон ормандарын сақтау үшін күресіп жатырмын деп ойладым. Ал қазір адамзат үшін күресіп жатқанымды түсіндім.

Чико Мендес, табиғатты қорғаушы



Қазір